

**2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша
банктік емес ұйымдардың ағымдағы жағдайы**

2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 20 өзге ұйым, оның ішінде қолданыстағы лицензиялардың негізінде 7 ипотекалық компания қызметін жүзеге асырды.

“Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне лицензиялау және шоғырландырылған қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 23 желтоқсандағы қабылданған Заңымен кредиттік серіктестіктер мен ломбардтарға лицензия берілмейтін болды.

№	Ұйымның атауы	01.01.2006	01.02.2006
1	Ипотекалық компаниялар	3	7
2	Басқа ұйымдар	43	13
	Жиынтығы	46	20

Активтер. 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық компаниялар активтерінің жиынтық мөлшері өткен аймен салыстырғанда 3 969 млн. теңгеге немесе 5,3%-ке өсіп, 79 315 млн. теңгені құрайды. Ипотекалық компаниялардың активтері құрылымындағы үлкен үлесті заңды және жеке тұлғаларға берілген заемдар (89,5%) және коореспондеттік шоттар (1,1%) болды.

№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.02.2006	
		Активтер	Активтер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	75 346	79 315	5,3
2	Басқа ұйымдар*	520 178	*	*

Кредиттік портфель. 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ипотекалық компаниялардың жиынтық кредиттік портфелінің құрылымында стандартты кредиттердің үлесі 98,3%, күмәнді - 1,4% және үмітсіз - 0,3% болды.

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 98,6%, күмәнді - 1,2%, үмітсіз – 0,2% болды.

№№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.02.2006	
		Заемдар	Заемдар	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	68 328	71 196	4,2
2	Басқа ұйымдар*	112 970	*	*

Ипотекалық компаниялар бойынша **міндеттемелердің** жиынтық мөлшері 2006 жылғы қаңтар айында 3 891 млн. теңгеге немесе 6,3%-ке өсті және 2006 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша 65 945 млн. теңге болды. Бұл жерде ипотекалық компаниялардың міндеттемелері құрылымында айналысқа шығарылған бағалы қағаздар (77,4 %) мен басқа банктерден алынған заемдар (19,6 %) болды.

№	Атауы	(млн. теңге)		
		01.01.2006	01.02.2006	
		Міндеттемелер	Міндеттемелер	Өсімі (%)
1	Ипотекалық компаниялар	62 054	65 945	6,3
2	Басқа ұйымдар*	181 011		*

Капитал. Ипотекалық компаниялардың меншікті капиталы 2005 жыл басымен салыстырғанда 2006 жылғы 1 қаңтарда 13 292 млн. теңгені құрап, 8 426 млн. теңгеге немесе 173,1%-ке өсті.

№	Атауы	(млн. теңге)					
		Меншікті капитал	01.01.2006		Меншікті капитал	01.02.2006	
			Оның ішінде			Оның ішінде	
№		Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)	Жарғылық капитал	Бөлінбеген таза кіріс (өтелмеген шығын)		
1	Ипотекалық компаниялар	13 292	10 699	1 558	13 369	10 699	58
2	Басқа ұйымдар*	339 168	218 359	58 687	*	*	*

* Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар есеп беруді тоқсан сайынғы негізде ұсынады.